



Лексикалық тақырып: *Оғыз мемлекеті*

Грамматикалық тақырып: *Етістіктің шақтары*

Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Оғыз мемлекеті (9 ғасыр—11 ғасырдың басы). 9-10 ғасырлар Сырдың орта, төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз тайпаларының саяси бірлестігі құрылды. «Оғыз» деген терминнің этимологиясы әлі де анықталмаған. Махмуд Қашқари, Марвази еңбектерінде, оғыздарға жататын руларды атап кеткен: қынық, баят, язғыр, имур, карабулақ, тутырка, т.б. Оғыздар 2 экзогамды фрактриядан құрылған. Бұлар — *бузук және үшук* (учук). 8 ғасыр ортасында түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, Шу алқабына кетеді. Осы жерде олардың «Көне Гузия» деп аталатын ордасы болды. 9 ғасыр бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен, қимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірі мен даласын басып алады. 9 ғасыр соңында олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қол астына қаратады.

Печенегтермен соғыс олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға мүмкіндік берді. Оғыздар құрамына Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларының үнді-европа, финн-угор тектес ежелгі компоненттері және Жетісу мен Сібірдің халаджылар, жағарлар, чаруктер, қарлұқтар, имурлер, байандұрлар тайпалар кірді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ процесс болды.

9 ғасыр соңы мен 11 ғасыр басында оғыз тайпалары Сырдың төменгі ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан зор территорияны мекендейді. Оғыздар туралы алғашқы деректер 9-10 ғасырлардың басы араб деректерінде мысалы, әл-Якубидің (9 ғасыр) еңбегінде айтылады. 9 ғасыр бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен, қимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірі мен Жетісу даласын басып алады. 9 ғасыр соңында олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қоластына қаратады.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы 10 ғасыр оғыз мемлекетінің астанасына айналды. Оғыз мемлекетінің халқы — түркі және иран тілінде сөйлеген. «Жабғы» атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған. Оғыз жабғыларының орынбасарларын Күл-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер өкіметі мұрагерге — «иналамиға» — беріліп отырған. Жабғы мемлекетінде оғыз әскерінің «сюбаши» деп аталатын бас қолбасшысы маңызды рөл атқарған. Оғыздар мал шаруашылығымен айналысты. Отырықшылықта қатар дамыды. Жент, Сауран, Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақ деген қалалары болды. Құл саудасы дамыды. Оғыздар мәжусилер болып, бақсы-балгерлерге табынды. Біртіндеп ислам діні де ене бастады.

10-11 ғасырлар Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті 11 ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуренахрдың қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Оғыздарды Еділ бойынан, Маңғыстаудан, Үстірттен өтіп, Еуропаны Азиямен жалғастыратын аса маңызды жолдар барынша қызықтырды. Бұл сауда жолдарын өз бақылауында ұстауға ертедегі орыс мемлекеті де мүдделі болатын. Хазарияның талқандалуы орыс көпестеріне Шығыс елдерінің бай рыногына жол ашты. Осының бәрі оғыз жабғуларын сыртқы саяси бағытында орыс князьдерімен одақ жасасуға бағдар алуға итермеледі.

965 жылы Хазария жеңілгенге дейін оғыздар хазар қағандарымен ұзақ уақыт күрес жүргізді. Оғыздардың хазарлармен қан төгіс шайқастары, Маңғыстауға батыс жағынан іргелесетін далаларда өткен болса керек. X ғасырдың орта кезінде Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағасына дейін жеткен Хазар державасының шекарасы осы жерден басталатын еді. Хазар қағанатының талқандалуы оғыз державасының саяси қуатының өсуіне себепші болды. X ғасырдың аяғында оғыз жабғулары орыс князьдерімен біріге отырып, Еділ Бұлғариясында күйрете жеңді. Орыс шежірешілері 985 жылы князь Владимирдің торқтармен (оғыздармен) одақтаса отырып, бұлғарларға жорық жасағаны туралы айтады. Князь әскерлері Еділмен немесе Камамен қайықпен жүзді, ал түрқтар жағамен өздерінің жауға мінетін аттарымен жүріп отырды.

X — XI ғасырлар шегінде оғыз мемлекеті құлдырай бастайды. Алым -салықтардың жыртықшылықпен жиналуына наразы болған оғыз тайпаларының көтерілістері жиілей түседі. Оғыздардың тарихи аңыздарына қарағанда, бұл көтерілістер өкімет басына X ғасырдың орта кезінде немесе оның екінші жартысының бас кезінде келген Әли ханның басқаруына қарсы жүргізіледі.

965 жылы олар Киев Русымен одақтасып хазар қағанатын талқандайды. 985 жылы оғыз жабғысы орыс кінәздарымен бірлесіп Еділ Бұлғариясын талқандады. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуаты өсуіне әсер етті.

10-11 ғасырлар Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті 11 ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуереннахрдағы қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар



1. Мәтінмен жұмыс жасаңыз.

1. Берілген мәтінді оқып, мына төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
2. Оғыз мемлекеті қай ғасырлар аралығында өмір сүрді?
3. «Оғыз» терминінің этимологиясы анықталмаған ба?
4. X –XI ғасыда Оғыз мемлекеті неліктен дағдарысқа ұшырайды ?
5. XI ғасырда бұл мемлекет құлап, ыдырады?
6. Мемлекеттің дағдарысқа ұшырау сәтінен шығу жолдарын, қалай ұйымдастыруда деп ойлайсыз ?

2. Мәтіннен етістіктер мен есімшелі етістік пен көсемшелі етістіктерді тауып, олардың жасалу жолын анықтаңыз

Етістіктен етістік тудыратын жұрнақтардан :

-н, -ін, -ын; -л, -ыл-, -іл; -т, -тыр, -дір, -тір, -дыр;
-ыз, -із, -қыз, -гіз арқылы етістіктің етіс түрін жасаңыз.

Мысалы: құрылды, жүргізілді...

3. Берілген түбір етістіктерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

ки, тара, бу, аш, тес, жұм, қара, жара, кеп, жат, жет, жаз, өт.

4. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз

-мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз

-мәтіннен етістіктің осы, өткен келер шақ формаларын табыңыз. теріп жазыңыз

Оғыздар Қазақстан аумағында

Оғыз тайпалары кең-байтақ жерді мекендеді. Оғыздардың қоныстары Ырғызда, Жайықта, Жемде, Ойылда, Аралсор көлінің оң жақ жағасында болды, шығыста оғыздардың кейбір топтары Балқаш көлінің оңтүстік жағасына дейін барды, мұнда олардың Форғұз деген бекінісі болды. Оғыздар, сондай-ақ Арал маңын, Сырдария аңғарын, Қаратау баурайын, Шу өңірін мекендеді; бірақ олар бұл жерлердің бәрінде бірдей көп болған жоқ.

Олар Каспийдің солтүстік өңірінде, Сырдарияның төменгі ағысында мейлінше тұтас қоныстанды. Оғыздар билеушілерінің бірінің бекіністі ордасы Дахлан қаласы болды. «Нұзхат әл-мүштак» шығармасында оғыздардың әскері көп болғаны және олардың Таразға жасаған шапқыншылықтары туралы айтылады. Соғыстардан кейін бітім жасалып, сауда жүргізіліп тұрды. Мұнда Шаштан мұсылман көпестері келіп, мал, негізінен түйе мен жылқы сатып алып жүрген.

Оғыздарға түрікмендер (Түркіменстан), трукхмендер, терекмелер (Иран түркілері), азериелер (Иран азербайжандары), азербайжандар (Азербайжан), және селжұқтар, османлылар (тарихи халықтар), түріктер (Түркия), гагауздер (елі қазіргі Молдавияда) сонымен бірге қазіргі кавказ бен қырымдағы түркі халықтары (қарашай, балқар, құмық, қырым татарлары) қыпшақтар мен аралық топ ретінде жатады. Оғыздардың қазір үш тәуелсіз ірі мемлекеті бар: Әзербайжан, Түркия, Түркіменстан. Үшеуінің де туында ай таңбасы бар екен. Ендеше осы ай таңбаның өзі олардың Ұлы атасы Оғыз қағаннан таралғандығын да әйгілеп тұрғандай.

Оғыз қаған деген кім? Ол — Оғыздардың аңызға айналып кеткен арғы атасы. Алғаш рет Оғыз мемлекетін құрған кісі. Ертедегі скиф тайпаларының грекше айтылуы Ишкуза (Ашкуз) Мен көне заман тарихшысы Геродот еңбектеріндегі скифтердің атасы болып есептелетін «Таргитай» деген адам осы Оғыз қаған болар деп ойлаймын. Скифтер — Қара теңізден Алтайға дейінгі аймақты мекен еткен негізінен түркі-иран тілдес көшпенді тайпалар. Оғыздардың ата мекені — қазіргі Амудариядан Шығысқа қарайғы жерлер. Оғыз халықтарының бәрі қазір еуропалық нәсілдегі (монголоид белгілері аз) халықтар. Оғыз халықтарының 5 мың жылдық тарихы бар. Кейін олар скифтер мемлекеттерінің, одан хун империясының, одан соң Батыс Түрік қағанатының құрамына енді. Орталық Азиядағы Оғыз мемлекеті қайта бөлініп, 9-11 ғасырларда қыпшақтар мемлекеті орнағанша Орталық Азияда іргелі мемлекет болып тұрды. Осы кезеңде (9-11) қазіргі жоғарыда аталған Оғыз халықтары тілі жағынан бөлініп, (түркімен, түрік, әзербайжан) негізінен қалыптасып болады.

9-11 ғасырларда құрылған Оғыз мемлекетінің қазіргі мұрагерлері Түрікмендер. Ал түріктер мен әзірбайжандар ол кезде қазіргі қоныстарына — Кавказ бен Кіші Азияға жетіп тұрақтаған болатын. Оғыздардың мемлекеті Қазіргі Каспий мен Аралдың Солтүстік-Шығысын алып жатты. Кейін қыпшақтар оларды біртіндеп оңтүстікке ығыстырады. Осы тайталас кешегі Түрікмендер мен адайлардың арасында да жалғасқан еді. Түрікмендер нәтижесінде қазіргі аймағынан (Қаракұм, Амудария) табылды, Азербайжандар Батыс Кавказда, Солтүстік Иранда қалыптасты, Түріктер Кіші Азияға барып, әйгілі Осман империясын құрады. Одан кейінгі тарих белгілі.

5. Сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз.

1. Оғыз тайпалары кең-байтақ жерді
2. Оғыздардың қазір үш тәуелсіз ірі мемлекеті бар: ..., ...,
3. Көне замандардан бастап, орта ғасырлық моңғол хандықтарына дейінгі тарихты жазып қалдырған тарихшылардың бірі
4. Орталық Азиядағы Оғыз мемлекеті қайта бөлініп, 9-11 ғасырларда қыпшақтар мемлекеті орнағанша Орталық Азияда
5. Оғыздардың мемлекеті Қазіргі Каспий мен Аралдың Солтүстік-Шығысын
6. Түріктер Кіші Азияға барып, әйгілі

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Оғыз мемлекеті қай ғасырларда қалыптасты?
2. Қазіргі уақытта оғыздардан тараған тәуелсіз қандай мемлекеттері бар?
3. Оғыздардың ата мекені болған жерлер қазіргі қай жерлер?
4. Оғыз қаған кім?
5. 9-11 ғасырда құрылған оғыз мемлекетінің қазіргі мұрагерлері кімдер?
6. Оғыздар билеушілерінің бірінің бекіністі ордасы қай қала болды?
7. Қай ғасырларда Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды?

7. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерді өзара байланыстырыңыз.

Әзербайжан, Түркіменстан.	Түркия,	Оғыздардың аңызға айналып кеткен арғы атасы.
Оғыз қаған		9-11 ғасырларда құрылған Оғыз мемлекетінің қазіргі мұрагерлері
Түрікмендер		Кіші Азияға барып, әйгілі Осман империясын құрады.
Түріктер		Оғыздардың қазір үш тәуелсіз ірі мемлекеті бар:

8. Етістіктің жасалуына қарай түрлерін мына бағандарға орналастырыңыз.

Көзде, жазды, қолда, кірісті, жуынды, айтқыз, барғыздырт, тазала, барды, аралады, бергіздір, сөйлеттір, өкпеледі, мойындады, арқалады.

Есім негізді етістіктер	Етістік негізді етістіктер
М: ауыздады	М: тыңдады

9. Мақал-мәтелдерді ұйқасын тауып жалғастырыңыз.

- 1) Туған жер - тұғырың,
Туған ел -
- 2) Ел қадірін көрген біледі,
Жер қадірін
- 3) Адам елінде көгерер,
қоға
- 4) Бөтен жердің гүлінен
Туған жердің
- 5) Туған жердей жер болмас,
Туған елдей
- 6) Сағынған елін аңсайды,
Сарыала қаз
- 7) Егілмеген жер жетім,
Елінен айрылған
- 8) Отанға опасыздық еткенің,
Өз түбіңе
- 9) Ынтымақсыз елді - Ұрысы билейді.
Ынтымақты елді -

10) Елуінде ер дана,
Елу жылда

10. Тест тапсырмалары

1. Болымсыздық жұрнағын табыңыз:

- A) -са
- B) -ма
- C) -дыр
- D) -ар
- E) –сыз

2. Есімнен етістік жасайтын өнімсіз жұрнақ?

- A) -ымсы
- B) -сыра
- C) –ы, і
- D) –л
- E) –лас

3. Есімдерден етістік жасайтын өнімді жұрнақ?

- A) –ығ, -ік
- B) –гер, -паз
- C) -ға, -ке
- D) –шы, ші
- E) –сыз, -сіз

4. Күрделі етістікті табыңыз:

- A) ертең маған кел
- B) әкеңе барып қайт
- C) сен маған жәрдемдесіп жібер
- D) ол келмеді
- E) олар бармады

5. Етістіктің өткен шағы неше салаға жіктеледі?

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6

Сіз бұл адамды білесіз бе?

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858—1931) — ақын, жазушы, аудармашы, композитор, тарихшы және философ.

Кейбір деректерде оның есімін «Шаһкәрім» деп те көрсетеді.

Туған жері қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде 1858 ж. шілденің 11де дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған, Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді.

Өзінің «Ұмтылғанның өмірі» атты жұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын жазады.

Оның ерекше зеректігін аңғарған Абай Шәкәрімді өз қамқорлығына алады, «молда сабағынан» басқа орысша үйренеді. Былайғы өмірін ғылым білім қуумен қатар, домбыра тарту, гармонда ойнау, ән салу, саятшылық құру, сурет салу, т.б. өнерлерге арнайды. Оның өнеге көрген ортасы Құнанбай ауылының зиялы тобы, ұлы Абайдың тағылымы болды. Абайдың кеңесімен әр түрлі кітаптар оқуға машықтанған Шәкәрім ақылы кемелденіп, ой өрісі тереңдеп өседі. Ақындық өнерін де таныта бастайды.

«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Шәкәрімді философ, тарихшы, ойшыл ретінде де танытатын «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» атты туындылары, әлеуметтік ағартушылық арнадағы «Жолсыз жаза», «Қалқаман — Мамыр», «Ләйлі — Мәжнүн» т.б. жыр жинақтары мен поэмалары басылып шыққан. Оның сезімді жүрегінен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» сияқты жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туған.